



Газет 2014 жылы
Қарағанды облысы әкімінің
«Тіл жанашыры» сыйлығының
лауреаты атанды

Арқа Ақшамы

Аймақтық қоғамдық-саяси газет №25(159) 7 шілде 2016 жыл



2►
**ДҮЙСЕНОВА
БЫЛАЙ ДЕЙДІ**



3►
ОЛМЕЙТИН ВИРУС



7►
**БІЛМЕГЕН У
ІШЕДІ**



9►
**ҚЫРҒЫЗДА НЕҢІБАР
ЕДІ, МИНИСТР?!**



10►
АҚБЕРЕН ЕЛГЕЗЕК

КӘСІПҚОЙ БОКСШЫ – КӘСІПКЕР



Жалғасы 6-бетте

«АРҚА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2016 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

2016

Индекс	Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
64540	6 айға	1747 теңге	1824 теңге
Жеке жазылушылар үшін	12 айға	3494 теңге	3648 теңге
14540	6 айға	5393 теңге	5470 теңге
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға	10786 теңге	10940 теңге

Газетке «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелеріне барып, жаздырып алуға болады.

ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЛІГІ



«Мемлекет басшысы» атты деректі фильмде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қиын кезде Қарағанды металлургия комбинатын құтқару үшін қалай инвестор іздегенін айтып берді.

– Мұнай, металлургия, мыс, алтын шығаратын зауыттардың жұмыс істеуі

маңызды. Бірақ бізде, керісінше, олар жұмыс істеген жоқ. Кеңес Одағы ыдыраған соң, нарық жабылды да, өнімді сататын жер табылмады. Не істеу керек? Ақша құйып, зауыттың жұмысын бастайтын менеджер керек болды. Бұл тек жекешелендіру арқылы ғана мүмкін болатын еді. Сол кезде мен біздің экономиканы ең жедел түрде жекешелендірген шығармын. Трансұлттық компаниялар келді. Маған, тіпті, «Қазақстанды неге шетелдіктерге сатып жатырсың?» деген болатын. Кімге сатып жатыр екенмін? Мен бүкіл жерге барып дәлелдеумен болдым, – дейді Президент.

Мысалретінде Елбасы Қарағанды металлургия комбинатының жоқ болып кете жаздағанын айтады. Сол кезде жұмысшылармен кездескен Елбасы бес жыл ішінде үндістандық Лакшми Миттал мен оның компаниясы 1,1 млрд доллар

инвестиция құятынын айтқан екен.

– Комбинат әбден қарызға батқан еді. Жұмысшылардың бәріне қарыз болды. Темірді балқыту үшін көмір сатып алатын ақшасы болмады. Сол кезде инвестор келді, бірақ табысы нөл кәсіпорын тегін кетуі керек еді.

Бірақ біз инвесторға бір талапты орындаса ғана комбинатты сатамыз дедік. Яғни ол зауыттың барлық қарызын жауып беруі тиіс болды. Ал зауыттың қарызы аз емес еді: 400 млн доллар. Ол кезде бұл ақылға қонбайтын көп ақша еді. Инвестор келіп, зауытқа ақша салып, шикізат сатып алды да, металл шығара бастады. Халық қайтадан жұмысқа орналасты. Мемлекет қазынасына салық төленді. Бәрі риза болды. Осы оқиғаның алдында ғана Теміртауға барғанымда, халық шайын қайнату үшін көпқабатты үйдің ауласына от жағып отырған. Не су, не жылу болмаған. Келесі жолы барғанымда, төбем көкке жетті: халық жұмыс істеп, қаланың жағдайы жақсарған, – деп әңгімелеп берді Президент ■

КӨРМЕГЕ КЕЛІҢІЗ, КӨРІҢІЗ!

Қарағандыда XII халықаралық «Mining Week Kazakhstan – 2016» көрмесі ашылды.

Көрмеге кен-металлургия кешенін және жер қойнауын тиімді пайдалануға арналған жабдықтар мен технологиялар ұсынылған. Ұйымдастырушылардың мәліметтерінше, биылғы жылы оған 11 елден – Қазақстан, Германия, Қытай, Польша, Швейцария, Канада, Түркия, Чехия, Беларусь, Ресей және Украинадан – 86 компания қатысты.

Оның ашылу рәсіміне облыс әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков келді.

Көрменің мақсаты – бизнес байланыстарды жолға қою, тәжірибе және жаңа технологиялармен алмасу.

Көрменің негізгі бөлімдері: кен өндіру



технологиялары мен жабдықтары; геологиялық барлау технологиялары; металлургия үшін технологиялар мен жабдықтар; пайдалы қазбаларды байыту; көмір мен минералды шикізатты өңдеу жабдықтары; бұрғылау-жару жұмыстары үшін жабдықтар мен материалдар; энергетикалық жабдықтар және басқалары.

Көрменің тақырыбы өңірде кен өндіру және кен-металлургия саласының ірі кәсіпорындарының осында жақын орналасуымен байланысты таңдалды. Бұл көрме 2004 жылдан бері өткізіліп келеді ■

ӘЛЕУЕТТІ ӘУЕЖАЙ



Қарағандылық «Сарыарқа» әуежайы елде алғашқы болып RA-3 агент ретінде сертификатталды. Бұл туралы қарағандылық әуе айлағы Фейсбуктегі ресми парақшасында хабарлады.

«Қарағандының халықаралық әуежайы Еуропалық Одақ пен Еуропалық комиссия ұсынған RA-3 талаптарына сәйкес (3-мемлекет арқылы Еуроодақ аумағына жүкті әуетасымалдауды жүзеге асыру бойынша) авиациялық қауіпсіздік бойынша сенімділікке тексеруден сәтті өтті», – делінген хабарламада.

«Сарыарқа» әуежайы елде алғашқы болып RA-3 агент ретінде сертификатталды, жүк және пошталық операциялардың қауіпсіздігін жоғары деңгейде бақылауға кепілдік береді.

«Әуежайдың Еуроодақ елдеріне жөнелтілетін пошта және жүктер үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін барлық қажетті техникалық құралдары бар», – делінген хабарламада.

RA-3 сертификаттауы әуежай қызметкерлеріне қауіп туындаған жағдайда оны дербес айқындауға мүмкіндік береді.

Валидация нәтижесі 2021 жылғы 10 маусымға дейін жарамды ■

ДҮЙСЕНОВА БЫЛАЙ ДЕЙДІ



Қарағанды облысында түйнемеден зардап шеккендердің жағдайы тұрақты. Бұл туралы халықпен есептік кездесу барысында сауалға жауап берген ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова айтты.

– Қарағанды облысының инфекциялық

ауруханасына түскен адамдардың барлығының жағдайлары тұрақты. Дәрі-дәрмекті қоса алғанда, барлық қажетті заттармен олар толық қамтамасыз етілді. Біз бұл мәселені күнделікті бақылауда ұстап отырмыз, – деді министр.

Айта кетейік, 2016 жылғы 20-24 маусымда облыстық инфекциялық ауруханаға түйнеме жұқтырды деген күдікпен 9 адам жатқызылған. Өкінішке орай, қарқынды емге қарамастан, екі адам қаза тапты. 23 маусымда олар жерленді. Әлеуметтік қолдау шаралары қабылданды. Қаза тапқандардың отбасына 400 мың теңгеден материалдық көмек берілді ■



«КТК» АРНАСЫ:

Елімізде осы күйдіргі дерті қайта өршуі мүмкін ошақтардың барлығы қатаң бақылауға алынбақ. Бүгін Үкімет жиынында мал қорымдарын күзету үшін бюджеттен бөлініп келген қыруар қаржының тиісті мақсатта жұмсалмағаны анықталды. Өйткені ауру мал көмілген бірде-бір жер қоршауға алынып, тиісті белгілермен көрсетілмеген. Сондықтан Үкімет басшысы қазынадан бөлінген қаржының әр тиыны қайда кеткенін тексеруді тапсырды. Күйдіргі дерті – қазір Үкіметте күнде қозғалатын тақырыптың бірі. Бүгін де Министрлер кабинетін

түгел жинаған премьер Кәрім Мәсімов аса қауіпті кесел қайдан тарады деген мәселеге көп тоқталды. Әсіресе Үкімет басшысын ашуландырған – мал қорымдарының қараусыз қалуы. Бюджеттен бұл үшін жылда миллиондар бөлінсе де, ауру мал көмілген аумақтар сол күйі қоршалмапты.

«ХАБАР» АРНАСЫ:

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аймақтық жеңімпаздары анықталып жатыр. Байрақты бәсекеде топ жарғандардың бірі – қарағандылық көпбалалы Мейрамовтар отбасы. Жезқазған қаласының тумалары, металлургия әулеті Оразалы мен

Есенгүл Мейрамовтар шаңырақ құрғалы жарты ғасырдан асыпты. Отбасы мүшелеріне шаққанда тау-кен саласындағы еңбек өтілі 447 жыл. Олар 9 бала тәрбиелеп, қызын қияға, ұлын ұяға қондырып, қазір 22 немере, 15 шөбере сүйіп отыр. Көпшілікке үлгі көрсетіп, құрметке ие болған әулет шаңырақтың шаттығы сыйластықта екенін айтады. Аймақтық байқауда үздік атанған Мейрамовтар отбасына өңірдегі Жартас демалыс орнына жолдама табысталды. «Қуанышты болғанда қандай, жүрек жарылуға таяу, әр отбасы әр түрлі жолмен бақытқа жетеді. Шыдау керек, төзу керек, соның арқасында.

Ал енді ең алтын діңгегі – еңбек, еңбек етпесең, ештеңе болмайды», – дейді «Мерейлі отбасы» байқауының өңірлік жеңімпазы Оразалы Мейрамов.

«31-АРНА»:

Қарағанды облысындағы Гүлшат елді мекенінде болған оқиғаның шуы да өлі басылған жоқ. Лаңкестік шабуылдан соң жақын маңдағы ауыл-аймақтардағы күдік тудырған азаматтар жаппай ұсталып жатыр. Куәгерлердің айтуынша, қазір барлығы сұрақтың астына алынды. Сондай-ақ Балқаш қалалық соты облыста теракт жасамақ болған деген бес күдіктіні екі айға қамауға алу туралы бүгін шешім шығарды ■

Меніңше...



– Мен осында көшеге шыққан жігіттердің келіп сөйлегенін қалар едім. Өйткені Президент айтты ғой: «Жерге жаны ашитын адамдардың бәрі келсін», – деп. Ең бірінші, сол алаңға шыққан жігіттердің сөзін тыңдауымыз қажет. Неге шықты олар? Қандай мәселе көтерді? Жандарына не тиді?

Біз емес, ең бірінші, солар сөйлеуі керек және біз соларға рахмет айтуымыз қажет. Мынадай комиссияның құрылғанына. Осындай комиссия құрылып, заңға мораторий жарияланды. Соны жасаған – жаңағы жігіттер. Егер біз үйімізде отырғанда, жоңғарлар бәрімізді үстімізден басып

өтер еді. Маңғыстаудан бір-ақ шығатын еді. Егер біз желтоқсанда үйде отыра берген уақыттарда, кеңес өкіметінің іргесі шайқалмайтын еді. Үйде отырғаннан мәселе шешілмейді ■

Дос КӨШІМ,
саясаттанушы

Мәссаған!

ӨЛМЕЙТІН ВИРУС

Тағы да күйдіргіге байланысты. Қарағанды облысында содан өлген малдар көмілген қаншама ошақ ашықтан-ашық қараусыз қалған. Соңғы 80 жылда 135 оқиға тіркелсе, ветеринарлар өлген мал көмілген 16 орынды ғана тапты. Оның екеуі Шет ауданында. Ал инфекция 100-150 жылға дейін жойылмайды. Және бір мәселе – екпелер ережеге сәйкес сақталмайды екен. Ондай екпеден малға пайда жоқ.

Еркіндік ауылынан шыққан күйдіргі мал шаруашылығына, ауыл-аймақты басқаруға байланысты мәселелерді жалаңаштап берді. Қарағанды облысында шыққан күйдіргі дерті ауылшаруашылығындағы талай мәселенің бетін ашты. Ең жаманы – аймақта күйдіргінің қаншама ошағы ашықтан-ашық жатыр екен ■

Бақыт АЙДАРХАНОВ, Қарағанды облыстық ветеринария басқармасының эпизоотиялық бөлімі басшысы:

– Қалғандарын іздегеннің өзінде, анықталмай жатыр. Жаңағы ЖиПиЭспен тексергенде, ауыл-аймақтың үстінен көрсетеді. Ал нақты көмілген жері анықталмай жатыр. Биылғы 2016 жылы аудан-қала бойынша мал қорымдарына Бұқар жырау ауданы ғана бөліп отыр. Қалған аудандардан қаражат бөлінбеген. Сол себепті осындай жағдай туындады. Бүгінде Қарағанды облысында 9 аудан, 9 қала барын ескерсек, оларда 63 типтік мал қорымы ашық-шашық жатыр деген сөз. Жайылған мал, қаңғыбас иттер мен мысықтардың қандай ауру жұқтырып жүргенін ешкім білмейді ■

Саят МУСИН, Қарағанды облыстық ветеринария басқармасы бастығының міндетін атқарушы:

– Маман ретінде бірінші болжаған версиям жаңағы жергілікті почвенный инфекция дейміз, ауруды қоздырғыш болғаннан кейін, жаңағы почвадан тарап отырған ауру деп есептеймін ■



Гүлмира ИСАЕВА, ҚР Ауылшаруашылығы вице-министрі:

– Республикада күйдіргінің 734 көміндісі қоршалмаған. Яғни бұл – аурудың көлік, мал, адам арқылы тарау қаупі жоғары деген сөз. Негізінен, күйдіргі дерті шыққан жерде мынадай белгі тұруы шарт: ол өртеліп, зарарсыздандырылып, көмілген малдың орны болуы керек. Үстіне бетон құйылып, ескерту тақтайшасы шегеленеді. Ондай аумаққа аттап басуға болмайды. Инфекция қалса, 100-150 жыл бойы сақталып,

топырақтан жұғуы мүмкін. Вакцинаның сапасын анықтау үшін Еуропалық тәуелсіз сараптама орталығына жібердік. Егер одан кемшіліктер табылса, ветеринарлық инспекция мамандары, осы салаға қатысты атқарушы билік өкілдері де жауапқа тартылады. Ал мамандар күйдіргі дертінің алдын алу үшін егілетін екпенің арнайы ережеге сәйкес, салқын қоймалар мен термошабадандарда сақталатынын айтады ■

«ЖЕКЕМЕНШІККЕ ЖЕР ЖОҚ»

Ауыл маңайындағы жалға беріліп, сатылып кеткен жайылым жерлер кері қайтарылуы мүмкін. Әрі мұндай жерлерді жекеменшікке де, жалға да беруге қатаң тыйым салу қарастырылады. Бұл туралы Қызылорда облысында өтіп жатқан Жер реформасы жөніндегі комиссияның көшпелі отырысында айтылды.

ҚР Ауылшаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев Жер реформасы жөніндегі комиссияның бес отырысының қорытындысы бойынша әзірленген нақты ұсыныстарды жеткізді.

– Халықтың назарында болып отырған елді мекен шегінде халықтың жеке малын жаюға арналған жерлерге тоқталып өтсем. Қазіргі жағдайда елді мекен шегіндегі жайылымдарды жалға беруге тыйым салынбаған. Ал оның маңайындағылар жекеменшікке беріледі. Ал ауылдағы халықтың малына жайылымдар жеткіліксіз. Сондықтан елді мекен шегінен тыс жерлердегі радиусты, халық қажеттілігіне керек жайылым жерлерді анықтау керек. Келесі ретте осы елді мекен шегінен беріліп кеткен жайылымдарға талдау жасап, оларды кері қайтаруды қарастыру және мұндай жерлердің жекеменшікке де, жалға да берілуіне қатаң тыйым салуды ескерген орынды болар. Бұл, менің баяндамам, келіп түскен ұсыныстардың қорытындылары негізінде дайындалған, – деп атап өтті Е.Нысанбаев ■

AZATTYQ.ORG

«Азат» қозғалысының орындалмаған мұраты» – «Азат» азаматтық қозғалысының құрылғанына 26 жыл толды. Тәуелсіз демократиялық мемлекет құруды көздеген қозғалысты құруға септескен билік, авторитарлық жүйе орныққан соң, оны жоюға бар күшін салды», – дейді «Азаттың» бұрынғы жетекшісі Жасарал Куанышәлин.

BAQ.KZ «Қазақ мерекеге қаралы үй тігуді қашан қояды?» – Жылда осы. Тіпті, мерекесіз-ақ, ойын-сауық орны ретінде тіккен киіз үйлерінің де сиқы осындай. Оны айтасыз, соңғы кезде түсіріліп жатқан деректі, көркем фильмдер мен қазақы дәстүрге жақын бейнебаяндардағы ақ ордалардың да көрген күні осындай.

ULT.KZ «Баланың аты барда «бала» деген» – «Балалы үй – базар»

деген қазақ. Керемет теңеу, керемет айтылған сөз. Ал «баласыз үй – мазар» дейді. Ауыр. Естуге де құлақ түршігеді.

ZHASALASH.KZ «Адамды шыншылдығы үшін кінәлауға бола ма?» – Өткен 2015 жылдың сәуір айында Алматы облысы, Қарасай ауданындағы Жаңатұрмыс орта мектебінің мұғалімі Айман Сағидуллаева маған келіп, мұғалімдерді аудан билігі тарапынан «сөнбілік» арқылы 15 күндей қара жұмысқа жегетінін, сайлауға, санаққа араластырып, тіптең халықтың қой-сымырына дейін санаттырып, әкімшілік қызметкерлерінің жұмыстарын түгелдей мектеп мұғалімдеріне жүктейтіні және әншілердің концерттеріне билет сатып алу мұғалімдерге міндеттелетіні жайлы

шындықты жеткізген болатын.

ABAI.KZ «Хакім Абай мен еліне өтене Елбасы ойларындағы үндестік» – Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Елбасы жайында айту – ел бірлігі деген ұғымды одан әрі тереңдету. Бүгінгі біздің айтпағымыз Елбасы, ел бірлігі және хакім Абай аманаты жайында.

QAMSHY.KZ «Алматылық жүргізушілер заңсыз жолмен қытай тасып жүр» – Елімізге Қытайдан келетін автобустар шетінен ұсталып жатыр. Үрімжі-Алматы бағытында жолаушы тасымалдайтын көліктерге бірнеше күннен бері рейд жүргізілуде. Өйткені олардың құжаттарында тек Қытаймен шекаралас Шонжы ауылына дейін ғана келуге рұқсат бар.

Алайда автобус жүргізушілері заңды белшеден басып, Алматыға дейін адам әкеліп жүр.

«Жерді жекеменшікке сату латифундистерге қажет болса, «үш тұғырлы тіл» – мәңгірт басшылардың тілегі» – Алматыда «Жас Алаш» республикалық газеті мен Болатхан Тайжан қоры бірлесіп «Қазақтың тілі мен тарихы – ұлттың алтын қазығы» тақырыбында қоғамдық тыңдау өткізді. Үкімет пен Білім және ғылым министрлігі басшылары білек сыбана жүзеге асыруға кіріскен бірқатар реформаларға қатысты қоғамдық тыңдауға келіп сөйлегендердің дені ұйымдастырушылардың «үштілділік ұшпаққа шығармайды», «тарихын білмей, келешек жоқ» деген ұстанымдарын қолдады ■



-ДҮРБЫ

Заң



СҮРІНГЕНГЕ СОТ

Полициейге зәрін шашқан жүргізуші Қайрат Елубаев сот алдына әкелінді. Ағымдағы жылдың көктем айында ол өзін тоқатып, қан құрамын тексеру үшін наркодиспансерге алып келген Жол-патрульдік полициясы инспекторының үстіне сынамаға деп алынған зәрін шашып жіберген болатын.

Эмоциясын басқара алмайтын жүргізушіге төрт бірдей бап бойынша айып тағылған: «Билік өкілін масқаралау», «Билік өкіліне бағынбау», «Билік өкіліне күш қолдану» және «Бұзақылық». Әйтсе де Қайрат Елубаев өз кінәсін мойындамайды. Оның айтуынша, оқиға орын алған күні ол арнайы бөлмеден шығып келе жатып сүрініп кеткен. Салдарынан қолындағы құтыға құйылған зәрі полицейдің үстіне төгілген. Ал инспектор ашу шақырып, мұны ұрып жіберген. Дегенмен сот процесіне қатысушылар оның айтқанына сенбейді. Себебі бөлмедегі бейнекамера жазбасында оқиғаның қалай орын алғаны анық көрсетілген.

Айта кету керек, әуелде бұл оқиғаның жәбірленушісі ретінде жүргізуші, ал жәбір көрсетуші ретінде полиция танылған болатын. Үстіне зәрін шашқан жүргізушіге қол көтерген полиция инспекторы Төлеген Игібековті сот бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына кескен. Бірақ халықтың наразылық танытуына байланысты үкім шартты мерзімге ауыстырылды ■

Мәселе

БАЛАҒА БАЛАБАҚША ЖЕПТПЕЙДІ



Қарағанды облысында балабақша кезегіне тұрған бүлдіршіндердің саны артып келеді. Қуанарлық жайт. Бірақ олардың бәрін балабақшамен қамтамасыз етуге биліктің күші жетпейді. Сондықтан шенеуніктер кәсіпкерлерге иек артып отыр.

Расымен де, соңғы уақытта кәсіпкерлер арасында балабақша бизнесіне деген қызығушылық артып келеді. Өткен аптада Майқұдықта 75 орынға есептелген шағын балабақша ашылды.

– Шынымды айтсам, балабақша ашу туралы шешімге келу оңай болған жоқ. Егер Білім басқармасы қолдау бермегенде, бұл істі бастау қиынға түсер еді. Біз арнайы ұйымдастырылған дөңгелек үстел отырысына қатыстық. Осыдан соң балабақша ашу керек деген шешім қабылдап, бос орын таптық, – дейді кәсіпкер Елена Ерш.

Балабақшаның ашылу салтанатында Білім басқармасының жетекшісі Асхат Аймағамбетов жылдың соңына дейін 2000 орынға дейін жекеменшік балабақшалар ашу жоспарланғанын атап өтті. Олардың бәрі мемлекеттік тапсырыс негізінде жұмыс істейтін болады. Яғни ата-аналар бар болғаны баласының тамағы үшін ғана ақша төлейді.

– Әрине, біз тек жекеменшік мекемелерге ғана иек артып отырған жоқпыз. Осы жылы Балқаш қаласында мемлекеттік балабақша аштық. Тамыз айында Оңтүстік-Шығыстан тағы бір балабақша ашу жоспарлап отырмыз, – дейді Асхат Аймағамбетов ■

Мәссаған!

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ДЕ ҚҰҚЫ БАР



Қылмыскер қатыгез болуы мүмкін, бірақ оны ешкім де адам санатынан шығарып тастай алмайды. Қылмысы үшін абақтыға жабылған жандар қоғамнан оқшауланғанымен, жұмыс жасап, қаражат табуға толықтай құқылы.

Елімізде түрме ішінен өндіріс орындарын ашу үдерісі әлі дамымай келеді. Тек соңғы жылдары ғана мұндай өндіріс ошақтарын ашу

қарқын алған. Соның бірі – Қарағандыдағы АҚ-159/7 өндірістік зона мекемесінде (қатаң режим, Қарағандыдан 60 шақырым жердегі Долинка кентінде) ірі габаритті пиналарды өңдейтін өндірістік бөлімше.

Қазір бұл өндірістік бөлімше он адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Алдағы уақытта өндіріс ошағының ауқымы кеңейтіліп, тағы да бірнеше сотталушыны жұмыспен қамту жоспарланған. Қарағанды облысының Қылмыстық-атқару жүйесі еңбекті ұйымдастыру бөлімінің басшысы Зәуре Бекмұхамбетованың айтуынша, өндірісті құруға кеткен барлық шығынды кәсіпкер өз мойнына алған. Ол өндірістік бұрышты қран таразылар, ұсақтаушы машиналар, екі жолақ конвейер таспалары және түрлі резинотехникалық өнімдер шығаратын резина ұнтағын жасауға қажет құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіпті ■

Шырғалаң

КҮІДКТІ БЕСЕУ

Балқаш қаласында террорлық топ құрды деген күдікпен бес ер адам екі ай мерзімге тұтқындалды. Лаңкестік топ мүшелері жарылғыш затты заңсыз иеленіп, Гүлшат ауылында сақтаған. Ұстау кезінде бір лаңкес өзін-өзі жарып жіберді. Басқа құрбандар мен зардап шеккендер жоқ.

– 2016 жылғы сәуірде дәстүрлі емес ағымдағы дінді ұстанатын Балқаш тұрғыны У.К.Б. қалада лаңкестік топ құрады, олар – Балқаш қаласы мен Гүлшат кентінің тұрғындары. Олардың мақсаты – қолдан жарылғышзат жасап, Қазақстанда террорлық акт жасау, елде қызметіне тыйым салынған «ДАИШ» халықаралық лаңкестік тобына жәрдемдесу, – деп түсіндірді облыстық сот баспасөз қызметінде.

Тергеу нұсқасы бойынша, топты Балқаштың 36 жастағы тұрғыны басқарған. Сөйтіп, топ мүшелерінің әрқайсысына жарылғыш зат іздеу, оны қолдан дайындау,



автокөлік пен ақшаны қылмыстық қажеттілікке пайдалану, лаңкестік жасау орнын іздеу міндеттері жекелей жүктелген. Лаңкестердің оқ-дәріні қайдан алғаны әзірге белгісіз. Соталды тергеу амалдары жүргізілуде ■

Қоғам

САУДАНЫҢ ДА ЖӨНІ БАР, ЖӨНСІЗІ БАР



Бөбегін 30 мың теңгеге саудалаған келіншектің өз ісіне өкінетінін және екі жастағы қызын өзіне қайтарып беруді сұрайды. Бала саудасына қатысы бар деп айыпталған келіншек қазір ешқайда кетпеу туралы қолхатпен бостандықта жүр. Ал оның баласы балалар үйіне орналастырылған.

Мамыр айының соңында полицейлер Балқаш қаласының 22 жастағы тұрғыны баласын сатқысы келетіні туралы хабар алған. Жедел іздестіру шаралары барысында оның нақты кім екені анықталып, арнайы операция жүргізіледі. Бала сатып алушы рөлін ойнаған полицей келіншекке отыз мың теңге беріп, бөбекті сатып алады. Осыдан соң баласынан безген ананың қолына кісен салынып, жауапқа тартылған. Ол әуелде өзінің материалдық жағдайының төмендігіне шағымданып, баланы сол себептен сатқысы келетінін жеткізген. Бірақ кейін ол ойынан айнып қалды.

– Мен өз кінәмді түсіндім және баламды қайтып алғым келеді. Баламызды сату туралы ойды маған оның әкесі айтты. Ол бізбен бірге тұрмайды. «Баланы сатайық», – деп мені үгіттеді, ал мен келістім, – дейді ол.

Десе де, оған әзірге ешкім баланы қайтып бермейді. Тергеу амалдары аяқталғанша, екі жастағы бүлдіршін балалар үйінде бола тұрады ■

Бетті әзірлеген: Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ

АЛҒАШҚЫ ӘЙЕЛ ПОЛКОВНИК



Адалдық – құлдық қылу емес, тазалық. «Еңбегінің жемісі» деген сөздің мағынасын жоғалтып барамыз. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деп Абай қалай деп айтқан?! Қоғамның азуы да осыдан болса керек. Аталған дүниелерді білмей һәм сезінбей жатып «тұңғыш» болғысы келеді. Алғы шепте жүруден дәмесі зор. Дәмесі несі, «міндет» санайды. «Мақсатыңыз не?» деген сұраққа не деп жауап берер едіңіз?! «Адам болу» дер едім. Адам болмай, мақсат атаулының барлығына жетуіңіз неғайбыл. Мұны түсінетін жан некен-саяқ. Солардың бірі – полиция полковнигі дәрежесіне жеткен тұңғыш әйел, профессор Роза Құлжақаева.

Кім ол? Несімен адал болды? Ерлігі неде? Оған атқарған игі ісі ғана жауап бере алады. Роза Балбатырқызы 1933 жылы 1 қыркүйекте Ақтөбе облысының Темір қаласында дүниеге келген. Оның заң саласын өмірлік мұраты қылып таңдауы тектен-тек емес. Себебі әкесі Балбатыр Құлжақаев – халық сотының хатшысы, сот, тергеуші, прокурор болған адам.

Әке жолын қуған қыз 1950 жылы Алматы мемлекеттік заң институтына түсіп, «құқықтану» мамандығын үздік біліммен тәмамдайды. Оның полиция полковнигіне дейінгі жолы 1954 жылдан бастау алады. Жетпісінші жылға дейін прокуратурада, Ішкі істер министрлігінде қызмет атқарады, Ақтөбе облысы прокуратурасының тергеушісі, әрі қарай Қарағанды облысы Ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің аға тергеушісі лауазымын атқарды.

Роза Балбатырқызы 1970 жылы Қарағандыға қоныс аударады. Қарағанды жоғары мектебі ашылысымен, қызметке тұрады. Өмірінің соңына дейін ҚР ІІМ генерал-майор Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында төлім берді.

1995 жылдан бастап академияның қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдары бойынша кандидаттық диссертация қорғалатын диссертациялық кеңестің мүшесі, адъюнктер мен ізденушілердің ғылыми жетекшісі болып келді. Оның жетекшілігімен 6 адъюнкт кандидаттық диссертация қорғаған. 60-тан аса ғылыми жұмысы жарыққа шыққан. Ғылыми баяндамаларымен халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысады. Бір атап өтерлік жағдай – ол көп жылдар бойы академияда қылмыстық құқық және криминология пәндерін мемлекеттік тілде оқытуды жетілдіруде оқу-әдістемелік кеңестің жетекшісі болды.

Ол мемлекеттік және ведомстволық марапаттаулармен, атап айтқанда, «Құрмет», «Қажырлы еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл», «КСРО ІІМ мінсіз қызметі үшін», «ҚР ІІМ үздік қызметі үшін», «КСРО ІІМ Қазақ КСР «Милиция үздігі» ордендерімен, сонымен қатар ҚР ІІМ «Мінсіз қызметі үшін және лайықты жетістігі үшін», ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ҚР Білім беру үздігі», «Қазақстан Республикасында білім берудің Құрметті қызметкері» құрмет грамоталарымен марапатталған. ҚР ІІМ Қарағанды академиясының басшы құрамдарының көптеген алғысхат, мадақтауларымен марапатталғаны да бар.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2011 жылғы 5 желтоқсандағы №188 жарлығымен Әскери және қызметтік міндетін мінсіз атқарғаны, заңдылықты және қоғамдық тәртіпті сақтауды нығайтқаны, ұлттық қауіпсіздікті және қорғаныс қабілетін қамтамасыз еткені үшін «Құрмет» орденімен наградталған.

Соңында қалған ұрпағы қазіргі таңда беделді қызметтер атқарып келеді. Ұлы – Досмағамбетов Ерлан, экономика ғылымдарының кандидаты, «Достар-Өлем» кешені директорлар кеңесінің төрағасы, СЭВ Ассоциациясының Орталық Қазақстандағы бөлімшесінің төрағасы. Ал қызы – Досмағамбетова Раушан, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің ректоры болып қызмет атқарады.

Роза Балбатырқызы өзінің ұзақ та ауыр қызметі жайлы былай деген екен: «Алдыңғы толқын ағалардан үйренер үлгі қашан да аз емес қой. Менің де өнеге тұтқан, асыл қасиеттерінен үйренген алдымда ағаларым аз болған жоқ. Өмірлік тәжірибемді ғылым әлемінде негіздесем деген ниет ақыры осы салаға да ден қойғызды. Ғылыми еңбектер жазып, оны оқу үрдісіне пайдаланып жүрдім. Ондай

дүниелерім жинақтала келеді, диссертацияға айналды. Ұлттық Ғылым академиясының құқық және философия институтында академик М.Баймаханов ағаның жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғадым. Бас оппоненттікті қазақ заң ғылымының қазіргі ақсақалы, ғұлама ғалым, академик Салық Зиманов аға атқарды. Мен осы кезеңде ол кісілердің адамдық, адалдық қасиеттеріне тәнті болып қана қоймай, шамам жеткенше үйрендім. Соны күні бүгінге дейін бағдаршамдай есімде ұстап келемін. Өмірден алар бір төлім, осы ұрпақтар сабақтастығының үзілмей келе жатқан алтын арқауы

“
Роза Балбатырқызы өзінің ұзақ та ауыр қызметі жайлы былай деген екен: «Алдыңғы толқын ағалардан үйренер үлгі қашан да аз емес қой. Менің де өнеге тұтқан, асыл қасиеттерінен үйренген алдымда ағаларым аз болған жоқ. Өмірлік тәжірибемді ғылым әлемінде негіздесем деген ниет ақыры осы салаға да ден қойғызды.

ғой. Бір кездері сол ағаларға шәкірт болып, соны бүгінге дейін мақтан етсем, енді өз шәкірттерім де ұлттық үлгімен маған да ілтипат көрсетіп жатады. Осыған ерекше риза болып, халықтық қасиет жалғаса берсе екен деп отырамын».

Ал Роза Балбатырқызы жайлы Серік Ақсұңқарұлы: «Ол адамзат қоғамындағы бостандық, теңдік, әділдік дейтін асқақ идеяларды туғып ұстаған қоғамда өмір сүріп, көңілі көншіген ұрпақтың соңғы көзі еді! Жер астынан жік шығып, дүние дәл бүгінгідей ұлтқа, руға, діни сектаға, экстремистік топтарға бөлініп,

ырың-жырың болады деп ойлаған жоқ-ты... Қазақстан егемен ел болғанда, алғашқылардың бірі болып қуанған осы буын еді. Жамандықтан көзі ашылмай, ата-баба аруағына тәу етіп, көресінін көрген буын – бұл! Апай осы кезде өзінің бойындағы барлық қабілет-дарынын тәуелсіз Қазақстанның заңгер кадрларын дайындауға бағыштады», – деген.

Осы жерде құқық саласына қатысты атап өтерлік үлкен бір мәселе бар. Оқытушылық болсын, орган бағыты болсын қазақ тілінің кемшін түсуі. Барлық салада солай ғой. Дегенмен... Орган қызметкерлері мемлекеттік тілге басымдық берсе, құрмет танытса. «Құрмет танытса» дейтін болдық қазір. Роза Балбатырқызы туралы әңгіме қозғауымыздың бір себебі де – осы. Оның қазақ ғылымына қосқан үлесі зор.

«Қазақ әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы полковник, құқық және криминология бойынша тұңғыш профессор дәрежесіне жеткен Роза Балбатырқызы Құлжақаеваның бойынан әділдіктің туын көтерген асыл қасиетпен қатар әйел жанының нәзіктігін, аналық мейірімін күнде көріп жүреміз. Өмірлік ұстанымы «жылтырағанның барлығы – алтын емес» деген даналық қағидаға негізделген жанның қайсарлығы, бір сөзділігі кімді де болса сүйсінтпей қоймады.

Өмірге адам болып келіп, адам болып кетудің өзі – ұлы іс. Оған жеңіл қарауға болмайды. Сенің алдында мыңдаған ұрпақ тұр. Олар өзінің парызы мен қарызын адал атқарса, сен неге сол жолды ұстанбайсың? Ұстанып қана қоймай, кейінгі ұрпаққа қалыбын бұзбай, қадірін кетірмей тапсыруға міндеттісің.

Біз мұны ол кісінің аналық ақылы, жұдырықтай жүрегіне өмір бойы жиған өлмес өнегесінің көрінісі деп білеміз. Кез келген ұстаз шәкіртінің көңіл түкпірінен ойып тұрып орын ала алмайды. Ал біз Роза Балбатырқызының алдына қаршадайымыздан келіп, одан қанаттанып ұшып, бүгінгі дәрежеге жеттік. Ендеше ұстаз үмітін ақтаған шәкірт ұстазын қашан да есінен шығармайды. Соның бір дәлелі жан дүниеден шығып, ой орамында қорытылған, ұстазға арнаған осы ізетті де инабатты жылы сөздер болса керек», – деп еске алған екен заң ғылымдарының докторы Асылбек Смағұлов.

Міне, Роза Балбатырқызының өнегелі де үлгілі өмірбаяны осындай. Адалдық пен тәртіпті қатар ұстанған жандардың бірі Роза Құлжақаева еді... ■

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ ■ nurlyhan93@mail.ru

КӘСІПҚОЙ БОКСШЫ – КӘСІПКЕР

Геннадий Головкин – енді тек танымал спортшы ғана емес, өз елінің экономикалық дамуына үлес қосушы кәсіпкер. Күні кеше Қарағандыда әйгілі былғары қолғап шебері инвестиция құйған көмір байыту фабрикасы ашылды. Ол жылына 500 мың тонна көмір өндірімек, сондай-ақ 150 адамды жұмыспен қамтымақ. «GGG зауыт салады екен» деген гу-гу алғаш таралған кездің өзінде халық арасында «Головкин бокстан кете ме?», «Басқа танымал адамдар сауда орындарын, мейрамханалар салып жатқан кезде, оның өндірісті таңдауына не себеп болды?» деген бірнеше сауал туындаған еді. Осы сауалдарға жауап іздеп көрейік.

Геннадий Головкиннің айтуынша, ол ел экономикасына қаражат құю туралы ойға Елбасымыздың сөзінен кейін келген. Өткен жылы Нұрсұлтан Әбішұлы оған Қазақстанның дамуына үлес қосуды тапсырған болатын.

Ол өзiрге боксты тастап кетпейдi. Әлi де болса шығамын деген асуы, жеңемiн деген алыптары бар. Бірақ қолындағы қаражатын бизнеске жұмсауға бұл мақсаты еш кедергі келтірмейдi екен. Себебi оның кәсібiн жүргізуге қолғабыс болып, бизнесiн басқаратын сенiмдi адамдары бар.

Генаның әкесi – өмiрiнiң 35 жылын шахтада өткiзген жан. Ал өзi болса, кеншiлер қаласында дүниеге келiп, ержеттi. Достары, туыстары, таныстарының өмiрi шахтамен тiкелей байланысты болды. Сондықтан ол бизнестегi iрi жобасын өзi туып-өскен қаладан бастамақшы болған. Бiздiң облысымызда әлi күнге дейiн жаңа технологиямен жабдықталған өндiрiстiк кешен жоқ. Қолда бар кәсiпорындардың барлығы дерлiк кеңестiк кезеңде салынған. Темiр де тозады емес пе? Олардың көпшiлiгiнiң жай-күйi қазiр адам аярлық халде. Шетелдiк инвесторлар жерасты қазынасын iске жаратып, пайда табуға әуестiк танытқанымен, технологияны жаңартуға келгенде құлықсыз. Геннадий Головкин инвестиция құйып, акционерi атанған «Каз Феррит» кәсiпорны көмiр өңдеумен айналысады. Ал боксшы қаржы құйған жоба – осы кәсiпорын базасында ашылған көмiрдi қайта өңдеу өндiрiсi. Оның барлық технологиясы заманауи талапқа сай жаңартылған. Яғни табиғатқа барынша аз мөлшерде зиян келтiре отырып, өнiм алу. Мәселен, өндiрiске пайдаланылатын су басқа зауыттардағыдай бiрден сыртқа шығарылмайды, қайта

тазартылып, әрi қарай өндiрiсте қолданылатын болады. Әрi заманауи технология ауаға зиянды қалдықтарды, түрлi шаң-тозаң мен газдың таралауының алдын алады.

– Маған шетелдiк

деушiлерге қажеттiнiң бәрi бар. Рас, кейбiр қолайсыздық пен түрлi кедергi де кездесiп қалып жатады. Бiрақ олар да қазiр шешiлiп жатыр. Егер бiз кемшiлiк iздейтiн болсақ, оны барлық жерден табуға болады.



компаниялар тарапынан бiрлескен жобаларды iске асыру туралы бiрнеше ұсыныс түскен болатын. Бiрақ мен қазақстандық кәсiпорынды таңдадым. Неге дейсiз бе? Себебi Қазақстанда инвесторларға қолайлы жағдай жасалған. Жұмыс iстеп, кәсiп ашамын

Сондықтан мен осы әрекетiм арқылы бiздiң кәсiпорындарға инвестиция салуға болатынын және қажеттiгiн көрсеткiм келедi. Бұл – дұрыс шешiм, – дейдi Геннадий Головкин tengrinews порталының тiлшiсiне берген сұхбатында.

Расымен де, елiмiз бизнеспен

ма? Әлде басқа ойлағандары бар ма? Осы тұста қаражатты жеп қашқан қара қазақтан ел экономикасына қаржы құйып, бокс пен бизнесте Қазақстанның атын қатар шығарып жүрген сары қазақ артық болып тұрған жоқ па? ■

“

Жұмыс iстеп, кәсiп ашамын деушiлерге қажеттiнiң бәрi бар. Рас, кейбiр қолайсыздық пен түрлi кедергi де кездесiп қалып жатады. Бiрақ олар да қазiр шешiлiп жатыр.

БІЛМЕГЕН У ІШЕДІ

Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің 500 мың баланы 3 жылда қазақша сөйлетемін дегені қоғамда әлі қызу талқыланып жатыр. Жұрт оның үш тұғырлы тіл реформасына түбегейлі қарсы. «500 мың баланы емес, алдымен Мәсімов басқаратын Үкіметті қазақша сөйлетіп алсын» дейді қоғам белсенділері.

Халықтың олай дейтіндей себебі де бар. Осымен екінші рет премьер болған Кәрім Қажымқанұлының кезінде қазақшаны үйренбекке ант-су ішкені есімізде. Иә, аталған қызметке алғаш рет келген тұста Мәсімов былдырлап, екі сөздің басын өзер қосып қазақша амандасатын. Қазір онысын да қойды. Өзге ұлт өкілі ретінде мемлекеттік тілде өзі ғана сөйлемесе мақұл, көз жұма қарауға да болар еді. Бірақ ол басқаратын министрлер, Үкімет мүшелерінің бәрі жиындарын тек орыс тілінде өткізеді. Ал Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов, Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, бұған дейін министр болып, бүгінде Астананы басқарып отырған Әсет Исекешев ана тілінде нан да сұрап жей алмайтын шығар. Тіпті, «оқушылардың бәріне қазақша үйретемін» деп жүрген Ерлан Сағадиевтің өзі қазақ тіліне шорқақ.



Жалпы, Мәсімовтің өзі қазақша үйренуге уәде беріп, уәдесін орындамаса, оның қарамағындағы Сағадиевтен қандай қайыр күтуге болады? Өздері үйрене алмай жүрген ана тілін біреудің баласына олар қалай үйретпек? Демек, министрдің пафосқа толы бұл уәдесі жай ғана қазақ қоғамының назарын аулау секілді. Аңқау халыққа арамза молдалық

жасап, кезекті реформасын жүзеге асырғысы келіп отырған шығар, кім білсін?! Бірақ ұлт зиялыларының көпшілігі, қоғам белсенділері Сағадиевтің көтеріп жүрген үш тұғырлы тіл реформасына түбегейлі қарсы. Олардың айтуынша, білім саласына аталған реформа енгізілсе, болашақта дүбәра ұрпақ өсіп шығады ■

КӨШЕ АТАУЫ АУЫСАДЫ



Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттары Луговой көшесінің атауын ауыстыру туралы шешім шығарды. Бұдан былай Луговой көшесі Ұлы Отан соғысының ардагері Сабыр Рахымовтың атымен аталатын болды. Ол соғыс уақытында Беларусь майданындағы 37-гвардиялық атқыштар дивизиясының қолбасшысы болған. Майдан даласында ерлікпен қаза тапқан.

Сонымен қатар халық қалаулылары 137-есептік орамның атын өзгерту туралы бастаманы да қолдап шықты. Тағдыры аянышты халде аяқталған «Бесоба» тұрғын үй кешені орналасқан бұл орамға енді Кеңестер Одағының батыры Бауыржан Момышұлының есімі беріледі.

Бұл көшелердің атауын өзгерту туралы бастама өткен жылы көтерілген болатын. Тіпті, 2015 жылдың тамыз айында қарағандылықтардың басым көпшілігі қатысқан қоғамдық тыңдалым да өткізілді. Қала тұрғындарының көпшілігі 137-орамның атауын өзгертуді қолдағанымен, Луговой көшесін Сабыр Рахымовтың атымен атауға қарсы шыққан. Себебі Сабыр Рахымов осыған дейін Өзбекстанның тумасы делініп келген еді, бертін келе оның Оңтүстік Қазақстан облысында туғаны, ұлты қазақ екені анықталды. Оның есімін көше атауына беруге қарсы шыққандар әйгілі генералдың Қарағандыға еш қатысы жоқ екендігін алға тартып отыр...

Даудың соңы жалпы дауысқа салуға ұласқан еді. Үш мәрте өткізілген дауыс берудің нәтижесінде 12 адам қарсы болып, 19 адам қостап, Луговой көшесінің атауын ауыстыру туралы шешім қабылданды ■

КӨНЕ ПАПИРУСТАҒЫ ЖАЗБА ШЫНДЫҚ ПА?

Ақиқатын айтар болсақ, адам баласы жаратылғанға дейін, жер бетінде өзге бір тіршілік болғанын бүгінгі ғылым жоққа шығармайды.

Ғалымдардың кей болжамына қарасақ, көктен түскен беймәлім тіршілік иелері, жерге тірі ағзаға айналатын ұрық шашқан. Біз содан өсіп-өнген ұрпақпыз. Өкінішке қарай, адам баласы қазір өзінің даму сатысына жеткен сияқты. Одан әрі өзін-өзі жою кезеңі күтіп тұрғандай. Бірақ адамзаттың аман қалуы не жоқ болуы бізді көктен бақылап отырған беймәлім саналы тіршілік иелерінің қолында көрінеді-міс.

Бір қызығы, XX ғасырдың орта тұсынан бастап баспасөз беттерінде жиі қылаң беріп, тосын әңгімелер туғызған ұшатын табақшалар сол кездің өзінде болғанға ұқсайды. Оған мыңдаған ғасырлық ұлттардың аңыз, жыр-дастандары куә. Мәселен, Ирландия мен Франциядағы Ла-Плата, Но, Каро Лоома үңгірлерінде, Испания мен Жапонияның Кюсю аймағында жерленген патшаның табытында ұшатын табақшалар кескінделген. Ғалымдар осы суреттердің жасын зерттеп, біздің дәуірімізге дейінгі 2000-3000 жылдықта салынған деген болжам жасаған. Демек, ол заманның адамдары ұшатын табақшадан хабардар болғаны ғой. Ежелгі Тибет әдебиетінде де аспанда кенеттен пайда болып, ілкім сәтте ғайып болатын белгісіз нысандар жайында сөз болады. Бұл ежелгі Мысыр жазбаларында да бар. Мысалы, қамысқа түсірілген бір жазбада: «Аспанда жарқыраған шамы бар белгісіз нысандар пайда болды. Олар көкте біраз тұрды да, көкжиекке сіңіп жоқ болды», – делінген.

Ғалымдардың зерттеуіне қарағанда, жазу папирусқа біздің заманымызға дейінгі XV ғасырда түсірілген. Ол кез Мысыр перғауыны Тумос V патшалық

құрған кезбен дөп келеді. Сондай-ақ папируста: «Тумос бүкіл әскерін ертіп жорыққа шыққан. Талай құмды белдерден асып қалжыраған әскер бір қырқаға көтерілгенде, көктен от шашқан белгісіз нысандар көрінді. Перғауыннан бастап бүкіл әскердің құты қашты. «Құдай біздің шапқыншылығымызды қабыл алмай, бізге лағынет айтып жатыр. Кері қайтайық», – десті әскербасылары. Бірақ Тумос: «Алған бетімнен қайтпаймын. Мына Құдайдың жібергендері бізге, керісінше, жеңіс тілеп тұр», – деп бет бақтырмады. Сосын әскерін ертіп алған бағытына жөнелді. Жеңіске жетті. Олжалы болды. «Мені Құдай қолдады» деп Тумос перғауын той жасады», – делінеді.


Бұл жолдар түсірілген папирус әлі күнге Ватикандағы мұражайдың Египет бөлімінде сақтаулы тұр. Өлгі жолдарды оқуға болады... Демек, бұл жазбада бір шындықтың жатқаны – ақиқат. Сыры беймәлім ұшатын табақшалар жөнінде Үнді жазбаларында да кездеседі. Бұдан біздің дәуірімізге дейінгі 1-2 мыңжылдықта дүниеге келген «Вайманика шастра» жырында белгісіз нысандардың аспан төрінде ойнақ салғанын үтір-нүктесіне дейін керемет келтірген. Ал жырдың бүгінгі адамзат ғарышқа ұшқан заманында емес, мыңдаған жыл бұрын дүниеге келгенін ескерсек, сол кезде-ақ адамдар зеңгір көкте белгісіз ұшатын табақшалар барын білген. Соны әдіптеп жырға енгізген. Мұның бәрі – аңыз, көңілге қонбайды дейтін болсақ, одан да нақты, өмірде болған адамдар жөнінде тілге тиек етелік. Мәселенки, аты шулы қолбасшы Александр Македонскийді алайық, біздің дәуірімізге дейінгі 332 жылы ұлы қолбасшы Тир шаһарына шабуыл жасайды. Бірақ ала алмайды. Кенет аспанда ұшқан тырна тізбегіне ұқсас жұмбақ нысандар пайда болып, олар

қала қабырғасына жарқырата оқ атқан. Қабырға құлап, Александр әскері шаһарға басып кіреді. Бұл туралы ұлы қолбасшы «мені Құдай қолдады» деп мәлімдеген. Шаһардың қабырғасын күйреткен соң, белгісіз нысандар лезде ғайып болған. Александр Македонскийдің бүкіл соғысын тасқа түсіріп жүрген жылнамашылар, болған жайды бүге-шігесіне дейін жазып қалдырған. Бұл жазбалар әлі сақтаулы тұр.

Ежелгі грек жазбаларында да ұшатын табақшалар жөнінде айтылған. Тіпті, Плутарх, Аристотель, Цицерон бастаған ғұламалар да көзімен көргендерін, естігендерін қаттап жазып кеткен. Олар көзі жетпеген дүниені хатқа түсірмесе керек-ті...

Америка үндістерінің ұшатын табақшалар жайында айтқандары мен тасқа шекіп кеткендері жеткілікті. Қытай жазбаларында да бұл ғажайып құбылыс жайлы көп жазылған. Мұның бәрін жоққа шығаруға бола ма? Әрине, жоқ. Демек, бөтен ғаламшарда өмір сүретін ақыл-ой иелері сонау ес білмес заманда-ақ жер бетіне келіп тұратын болған. Ал өзіміз өмір сүрген кезге келетін болсақ, 1947 жылы ең алғаш ұшатын табақшамен кездесіп қалған – АҚШ ұшқышы Кеннет Арнольд. Оның қалай кездесіп қалғаны, нені көргені көп уақытқа дейін құпия сақталды.

Тағы бірер мысал: өткен ғасырдың ортасында Испанияның солтүстігі мен Францияның оңтүстігінен біздің заманымыздан 12 мың жыл бұрын жартасқа салынған суреттер табылған. Ондағы кескіндер ұшатын беймәлім табақшаға ұқсайды екен. Б.д.д. 1482 жылы Мысыр аспанында белгісіз ғарыш нысандары пайда болған. Олар көкте от шашып, ойқастап жүріп, лезде ғайып болған. Мұны тым арғы тарих дейтін болсақ, бертінгісі



– 1883 жылы алғаш рет суретке түсірілуі. Оны түсірген – астроном Хосе Боннило. «Бұл – ешқандай құс емес. Соңына керемет жарқыл қалдырып, көкте жүйткіп бара жатқан беймәлім ғарыш кемесі», – деп жазады ол күнделігіне.

1896 жылы бөгде ғаламшар иелерімен алғаш рет адам баласы кездесіп қалды. Ол Калифорния штатында тұратын полковник Шоу деген азамат еді. Кешкілік орман ішінде қыдырыстап жүрген ол кенеттен шу естиді. Көзді ашып-жұмғанша шағына лаңқаайға сүп-сүр дирижабльге ұқсас бір кеме қонып, одан жалғыз көзі бар, ұзын бойлы, қолдары салбыраған адам тектес сұлбалар шығып, полковникке тап берген көрінеді. Бірақ Шоу дер кезінде қашып үлгереді. Сәлден соң өлгі белгісіз ұшақ жерден дыбыссыз көтеріліп, жоқ болған. Бұл оқиғаға тек полковник қана емес, сол маңда қыдырып жүрген өзге азаматтар да куә болған. Бұл жайт кейіннен бүкіл штатқа жайылған таң-тамаша әңгіменің арқауы болады.

Мұндай мысалдарды тізе беруге болады. Ең бастысы, адам баласы жаратылғалы бері, көк жүзінде сыры жұмбақ ұшатын табақшалардың сайран сап жүргені. Рас, бүгінде техника жетілді, адам санасы толықты, он сегіз мың ғаламның сырын жартылай аштық дегеннің өзінде, біз сонау ықылым заманда адамдар көріп, үңгір қабырғаларына, жартастарға шекіген ұшатын табақшалардың сырын аша алған жоқпыз. Бұл құпиялық қашанға дейін сақталмақ? ■

ҚАРҒЫС АТҚАН ПАРАЛЛЕЛЬ



Әлемнің атлас картасына үңілсең, 33 параллель деген сызық бар. Бұл сызық кейде «қарғыс атқан сызық» деп те аталады. Өйткені сол сызық бойына орналасқан елді мекендердің барлығы – әлемдегі ірі-ірі сойқан оқиғалардың куәсі. Мәселен, сол сызық бойында орналасқан Далласта АҚШ президенті Джон Кеннеди оққа ұшты, «Араб көктемі» деп аталып, араб әлемін шарпыған төңкеріс Триполи шаһарында Ливия көсемі Муаммар Каддафидің басын жұтты, атақты «Мың бір түннің» керемет ғажайып оқиғалары өткен алтын бесік –

Кашмирдің тірлігі мынау, сырын да, құпиясын да ашпай, бүк түсіп жатқан Тибет анау...

Хиросима – Нагасаки. АҚШ-тың 33-президенті Г.Трумэн 33 сызықтың бойында жақын жатқан Жапонияның екі қаласына атом бомбасын тастауға бұйрық берді. Бұйрыққа қол қойылып жатқан сәтте түсірілген сурет бүгінде Вашингтон түбіндегі Александрия қаласындағы Джордж Вашингтонның масондық мемориалында ілулі тұр.

Бомбылаушы ұшақ Enola Gay 1945 жылдың 6 тамызында «Бөбек» деп аталатын атом бомбасын Хиросима төбесіне тастады. Бұл бұйрық «№13» деп аталатын. Тіпті, бұл күн бекерге алынған жоқ. АҚШ мемлекеті құрылғаннан (1776 жыл, 4 шілде) бері 169 жыл (13 бөлімнен 13 жылдан есептегенде) және 33 күн өткен.

Розуэлл. Осы ендікте жатқан Розуэлл қаласына 1947 жылы белгісіз ұшатын табақша құлаған. Онда өзге ғаламшарлық адамдар болғаны белгілі. АҚШ әскери адамдары бұл жайды ұзақ жылдар халықтан құпия ұстап келді.

Даллас. Бұл қалада АҚШ президенті Кеннедиге қастандық жасалып, соңы оның қайғылы қазасымен аяқталғаны әлем жұртына белгілі. Бұл «33-ендікте корольді өлтіру» деген атпен тарихта тіркелген. Оқиға 1963 жылдың 22 қарашасында (11 ай, 22 күн) болды. Қанды оқиға болған жер – 33-ендіктен бар-жоғы он шақырым жер. Ол жерде Dealey Plaza деп аталатын Далластағы ең алғашқы масондық храм бар. Бұл көше XIX ғасырдың өзінде-ақ

«Вязов қанды көшесі» деген атқа ие болған екен.

Исламабад. 1 мамыр күні Исламабад қаласының түбінде «Өл-Қаида» басшысы Ұсама бен Ладен өлтірілді. Бұл да – сол қарғыс атқыр сызық бойында болған қанды оқиға...

Сиань. Көнеқала. Кемдегенде 1100 жыл Қытайдың орталығы болып саналып келген. Айналасында 300-ге тарта пирамида бар. Биіктігі 25-тен 100 метрге дейін. Олардың арасындағы «Ұлы ақ пирамида» деп аталатын ірі ғимараттың биіктігі 300 метр. Мысырдағы атақты Гизе пирамидасынан екі есе биік. 33-ендікте орналасқан Қытай пирамидалары қандай құпияны бүгіп жатыр? Бұл өзiрге белгісіз. Қытай билігі ол жаққа адам баруына тыйым салған. Айтар уәждері: «Бұл алып құрылыстардың құпиясын келер ұрпақ зерттеуі тиіс». Болды.

Жалпы, 33-ендікте болып жатқан оқиғаларды рет-ретімен тізе беруге болады. Бірақ оның керегі шамалы. Тек оқырман «33 сызық» дегеннің не екенін біле жүрсе болғаны ■

Сейсен ӘМІРБЕКҰЛЫ

Мәссаған!



ИСКЕШЕВТІҢ «ӨТІРІГІ»

Астана қашан миллион халқы бар қала атанады? Оның миллионыншы тұрғыны қашан тіркеледі? Бұл сауалдар көптен бері әлеуметтің талқысында жүр еді. Шешім табылғандай болды. Астана күні мерекесі қарсаңында Арайлым Мұхамедияр мен Олжас Мұхамедиярдың тұңғышы дүниеге келді. Олардың қызы Астананың миллионыншы тұрғыны аталды. Бірақ...

Бірақ танымал журналист Дина Елгезек ханымның ойынша, бұл – шенеуніктердің кезекті PR-

шоуы ғана. Оның айтуынша, Әсет Исекешев министр кезінде де күмән тудыратын деректерді жариялап келген. Бұл туралы ол Facebook-тегі парақшасында мәлімдеді.

«Исекешев екінші лауазымды қызметін тағы өтіріктен бастады... «Астана қаласында миллионыншы тұрғын дүниеге келді», – деп елді бір шулатты... Ресми статистика бойынша, 880 мың адам тұрады... Өткен жылы қалалықтар саны 20 мыңға көбейген... Сонда деймін-ау,

жарты жылда астаналықтар 120 мыңға қайдан көбейе қалған?.. Әлде Президенттің туған күні қарсаңында өтіріктен құралған сыйлықтарды таратып жатқан түрлері ме екен?! Президент басшысының еркесі болса өзіне, бірақ ел алдында бұл жолы өтірігі өтпеді», – дейді журналист.

Естеріңізге салайық, шілденің 3-інен 4-іне қараған түні дүниеге келген сәбидің ата-анасына Астана қаласының әкімі Әсет Исекешев екі бөлмелі пәтердің кілтін табыстаған болатын ■

Дау

ҚЫРҒЫЗДА НЕҢ БАР ЕДІ, МИНИСТР?!



Өткен аптада қырғыз Президентінің Ала-Арша резиденциясында алтын сертификаттарды табыстау рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Алмазбек Атамбаев орта мектепті үздік бітірген түлектерге алтын сертификаттармен бірге президенттік стипендияларды да үлестірді.

– Мен сіздерге толқумен және үлкен мақтанышпен келіп отырмын. Сіздердің нұрға толы көздеріңізді көрген кезде біздің еліміздің жарқын болашағы бар екеніне сеніммен қараймын. Елде жаңа толқын өсіп келеді, еркін ойлайтын, біздің елімізді әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің тізіміне енгізетін жастар өсіп келеді. Мен үшін сіздерге алтын сертификаттарды табыстау – мәртебе, өйткені сіздер өте ауыр жолдан өттіңіздер. Бірақ сіздердің еңбектеріңіз еш кетпейді. Білім алуға жұмсаған әрбір уақыт, күш 10 есе, 100 есе болып кері қайтады. Өзім мектепті үздік бітіріп шықтым. Алайда университетте жақсы білім алуыма уақытым болмады, қосымша жұмыс істеп ақша табуыма тура келді, – дейді қырғыз Президенті Алмазбек Атамбаев.

Салтанатты жиын барысында сондай-ақ оқушыларды еңбек етуден қашпауға шақырды.

– Кейбір министрлер «міне, біреулер еден жуып жүр» деп айтатын көрінеді. Ал мен еңбектен қашпауға шақырамын, менің өзім аула сыпырушы, от жағушы, жүк тасушы болып жұмыс істегенмін. Ешқандай жұмыстың ұяттығы жоқ. Ұры министр болғанша, еден сыпырып, аула тазалаған – әлдеқайда сауапты іс. Ешбір жұмыстан ұялмаңыздар, – деп атап өтті А.Атамбаев.

Естеріңізге салайық, биыл халық алдында есеп берген ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Ресейде еден жуып жүрген қырғыз қыздарын көріп, жанашырлықпен қарағанын айтқан болатын ■

Билік

МӘЖІЛІС СӘЛӘФИЗМНІҢ СЫРЫН АШПАҚ

Парламент қос палатасының бірлескен отырысы барысында Мәжіліс депутаты Омархан Өксікбаев сәләфизм идеясына қарсы емес екенін айтты. Бұл туралы baq.kz порталы жазып отыр. Депутаттың пікірінше, біздегі сәләфилер қой терісін жамылған қасқырлар көрінеді. Ал нағыз сәләфизм ағымын ұстанушылар Сауд Арабиясында.

– Енді... оны қазір олай-былай болады деп айта алмаймын. Жалпы, сәләфизмнің өзінің идеологиясы бір кереметтей теріс деп айтқым да келмейді. Себебі Сауд Арабиясы мемлекеті осы бағытты қолдап, діндерінде қолданып жүр. Оның өзінде радикализмнің ештеңесі көрініп тұрған жоқ. Бізде – соны бұрмалап алып кететін, соның атын жамылып, бірақ басқа бағытта адамның өміріне қауіп келтіретін, мемлекет құрылымына қауіп төндіретін мәселелер, ол – басқа дүние. Сондықтан ол... мынау қойдың терісін жамылып алғанымен, қасқыр қой болмайды. Иә, сондықтан ішкі



құрылысын білуіміз керек. Сол себепті заң да, жалпы қабылданатын шешімдер де сол ішкі құрылысын танып барып жасалуы қажет деп ойлаймын, – деді О.Өксікбаев.

Айта кетейік, Ақтөбедегі лаңкестік оқиғадан кейін шұғыл Қауіпсіздік кеңесінің жиынын өткізген Мемлекет басшысы терактінің артында сәләфилердің тұрғанын айтқан болатын. Мұнан кейін қоғамда аталған бағытқа тыйым салу мәселесі көтерілді. Ал теолог-ғалымдар сәләфизм идеясының қазақ қоғамына жат екенін әліге дейін түсіндірумен келеді ■

ЭКСПО

БЮДЖЕТТІКТЕРГЕ ЭКСПО БИЛЕТІ



ЭКСПО көрмесінің билеттері өтпей жатыр. Мұны «Астана Экспо–2017» ұлттық компаниясының төрағасы Ахметжан Есімовтің Алматы қаласы әкімдігінің өкілдерімен кездесу барысында айтқан сөзінен анық байқауға болады.

– Серік (Алматы облысы әкімінің орынбасары Серік Тұрдалиев – Ред.), бұл қалай? 50 пайыз жеңілдік жасап отырмыз, Алматы облысында сондағысы он-ақ билет сатылыпты. Менің өзім қаншауын сатып алғанымды айтпай-ақ қояйын, бірақ бүкіл Алматы облысы сатып алған билеттен көп, – деді Есімов облыс басшылығына ескерту жасап. Оның айтуынша, Қызылорда облысындағы көрсеткіш мұнан да төмен.

Ал жалпы сатылған көрме билеттерінің саны бар болғаны 5 мыңға жетіп отыр.

Жоспар бойынша ЭКСПО көрмесіне 5 миллион адам қатысуы керек. Сол кезде барып оның құрылысына және ұйымдастыруға жұмсалған қазына қаржысы толық қайтарылатын болады. Десе де, билет өтпей жатыр. Енді қайтпек керек?

Ахметжан Есімовтің ескертуінен кейін Алматы облысынан бастап өзге де өңірлер билет сатумен қызу айналысады. Бұл сөзсіз. Шенеуніктерді ЭКСПО билеттерін көшеде жүріп сатпайтыны анық. Әкімдікте жұмыс істейтін жүздеген мемқызметкер бар, әкімдікке қарасты білім беру, денсаулық сақтау басқармалары бар, ал ондағы мұғалімдер мен дәрігерлердің саны он мыңдап есептеледі. Міне, 4000 теңгелік билеттерден құтылудың ең тиімді жолы – осы. Яғни халықаралық көрменің билеттері тағы да сол қолбалаға айналған педагогтерге, медицина, ішкі істер органы қызметкерлеріне мәжбүрлі түрде сатылуы мүмкін. Ал мемқызметкерлермен көрмені толтыра алмаса, студент деген «тобырдың» барын естен шығармау керек. Әкімдіктер жанынан құрылған жастар ұйымдары кез келген уақытта массовка ұйымдастырып бере алады ■



АҚБЕРЕН ЕЛГЕЗЕК:

Сұхбатымыздың кезекті қонағы – ақын Ақберен Елгезек.

– Қазақ әдебиетіне екі мыңыншы жылдардың басында келіп, «Көлеңкелер күбірі» жыр жинағымен аға буынды біраз ойға қалдырған Елгезектің Ақберені, әуелі әңгімені осы жинағыңыздан бастасаңыз...

– Негізі, мен өлең жазып, ақын болам деп ойламаған адам едім. Өмірде бізге беймәлім қызық дүниелер болып жатады ғой. Соның бірі – менің әдебиетке келуім. Көп қыз-жігіттер «өленді пәлен жастан бастап жазатын едім, сол бір балаң шақта өзімді ақын ретінде сезіндім» деген секілді әңгімелерді айтып жатады. Менде олай болған жоқ. Әрине, әдебиетті өте жақсы көретінмін, қазақтың және шетел әдебиетін құныға оқитынмын. Себебі әдебиет менің ішкі әлеміме өте жақын, туыс бір ғалам болатын. Алайда бала кезімде өзімнің болашақтағы бейнемді мүлде басқаша елестететінмін. Жоқшылық пен жетімдіктің біраз тауқыметін көрген соң ба, «осы иттің баласы адам болса, мұрнымызды кесіп береміз» деген сөздерге тойғандықтан ба, мен алдыма «болашақта қайткен күнде де бір биікке өрмелеп шығуым керек» деп мақсат қойдым. Оның жолдары көп қой. Әкім не болмаса бизнесмен болу, тізе берсең, аз емес, әрине! Бірақ... Бірақ әлгі бір сөз бар еді ғой, «Құдайды күлдіргің келсе, жоспарыңды айт» деген. Немесе «адам жоспарлайды, Алла қалағанын істетеді». Қысқасы, сөйтіп жүргенімде, 26 жасымда ойда жоқта өлең жаза бастадым. 26 жасымнан дейтінім – бұрын да студент кезімде қыздарға өлең жазып, ермек қылып жүргенмін, бірақ поэзия талабына сай дейтін алғашқы өлеңімді сол отызға төрт жыл қалғанда жаздым. Сосын жазыла берді. Жинақталған дүниені өзің айтып отырған кітап етіп, оқырманға ұсындым.

– Қазақ әдебиетінің жанашыры ретінде «Қазақ әдебиетін қолдау» қорын құрып, бір топ шығармашылық адам Алматыда «Кентавр» атты әдеби газет шығарған едіңіздер. Осы

жайлы айтып өтсеңіз...

– Иә, әдебиетті дамытып жіберейін деген бір пысықсыған ойдан туған жоба ғой. Өзілдеп отырмын, әрине. Қуанышқа орай, ол жобамыз сәтті шығып, кезінде әдеби ортада өте жақсы қабылданды. Бұл газеттің беттерінде талай жастың тұсауы кесіліп, көптеген тың мақала мен жаңа идеялар жарық көрді. Негізгі мақсатымыз қазаққа шетел әдебиетін жақынырақ таныстыру, олардың трендтерін қазақтың дүниетанымымен байланыстырып көру еді. Бәрі байланыса қалды деуден аулақпын, бірақ қазақтың білім базасына біраз дүниені қостық деп есептеймін. Кейін дағдарыстың кесірі киіліп кетті. Содан ол газетіміз қазір тоқтап тұр.

– «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады» деген Мағжан жырына арқау болған алдыңғы буын ағалар мен кейінгі буын інілер арасындағы байланыс қандай? Өзіңіз қатарлы немесе ізіңізді басып келе жатқан жас прозаиктер мен ақындардың деңгейі қандай?

– «Аға буын да кезінде жас болған екен» деген аңыз бар. Соған қарағанда, ағаларымыз жастардың көңіл-күйін жақсы сезінеді. Үміт күтеді. Жаңалықтарымызға қуанады, шалыс басқан қадамдарымызды айтып отырады. Бәрі сондай деп мақтап кеткенім де жөн болмас. Біздің айтып, жазып жүргенімізді жатырқап, «олай болмайды, былай жазу керек қой», «ойбай, түсініксіз», «шам жағып оқымасаң, күңгірт» дейтін аға-апаларымыз да баршылық. Мұны ұрпақтар сабақтастығының тағы бір өзгеше көрінісі десем болады. Біз де кейін сөйтіп отыратын шығармыз. Дегенмен аға буын тарапынан жаманшылық көріп жүрген жастар жоқ. Бәрі әдемі. Ал енді өз қатарластарым туралы немесе артымыздан келе жатқан қыз-жігіттер жөнінде не айтуға болады? Басында бәрі жүйрік, бәрі тың секілді.

Бөйге-өмір көрсетер. Мен біреудің әдебиеттегі болашағы туралы айтпақ түгілі, өзім ақын ретінде тарихта қалам ба, жоқ па, соған күмәнім бар. Уақыт өзі сұрыптап, керегін алып, келер ұрпаққа жеткізеді.

– Соңғы кездері «қазақ әдебиетінде сын жоқ, кеңестік кезеңнің елесімен күн кешуде, әсіремақтау мен қолпаштаудан тұрады» деген пікірлер де айтылып жүр. Расында, қазақ әдебиетінде сын бар ма? Болса, деңгейі қалай? Сын жазып жүрсіз бе?

– Жоқ, сын жазып жүрген жоқпын. Ауызша ақыл үйреткенге шебермін. Өлеңін оқытып, ақыл-кеңес сұрағандарға пікірімді ашық айтам. Ал біреуге сын жазу үшін өзің әуелі сол сыннан сүрінбей өтуің керек шығар. Ештеңе жазбайтын, тек білімінің арқасында кәсіби сыншы болу – бір басқа әңгіме. Оған табиғи сұңғылалық пен асқан байқампаздық керек. Қазақ әдебиетінде қазіргі сын – өзің айтқандай, не мақтау, не қаралай салу деген екі ұштан тұратын дүние. Оқырман да, қаламгер де мойындайтындай, сын қашан объективті болады, сол кезде ғана оның пайдасы тиеді.

– Әдебиетке енді келіп жатқан жас буынға қамқорлық аз. Жаһандану жағадан алып, нарықтық заманға тұспа-тұс келген шақта осы шығармашылық топтың өзін жоғалтып алмасына кім кепіл? Бүгінгі жастар қандай идеяны көп көтеруде? Негізгі тақырып аясы не туралы?

– Қамқорлық деп нені айтамыз? Кітап шығарып беру, баспана беру, әлде сыйлық беру ме? Әр адамның қамқоршысы – бір ғана Алла. Қалғаны өзіне байланысты. Ал қазіргі жас толқынды мына нарықтық заманда жоғалтып аламыз деп қорқудың қажеті жоқ. Әдебиет соғыста да, басқа да алмағайып замандарда да өмір сүрген. Жалпы, жақсы әдебиет тоқшылық пен баршылықта жазылмайды. Әдебиет – ұлттың жаны. Ұлт басынан не кешіріп жатса, сол әдебиетте көрініс табады. Бәрі тың игеріп кетсе де, бір ақын не жазушы міндетті түрде жазу үстелінде отырады. Тәңір тіршілікті жаратып жатқанда, соған өмір еткен.

Оны ешкім өзгерте алмайды. Жастар қазір өзін зерттеп жатыр. Өз ішінен не табады, соны жазады. Бұрынғыдай толған айды қызықтап, жұлдыз санап, өзеннің сылдырына құлақ тосып отырмайтын секілді.

– Оңтүстікті «қазақылықтың қаймағы бұзылмаған құтты өлке» деп жатады. Бүгінде осы өңірдің талантты тумаларынан кімдерді айтар едіңіз? Ондағы жас шығармашыл топтың жарқ еткен құбылысы деп кімдерді атар едіңіз?

– Оңтүстік өңірі талантқа кенде болмаған. Себебі қазақтың барлық жері секілді, оңтүстік те – киелі мекен, қасиетті топырақ. Қазақтың иісі көбірек шығатын бұл өңірде қазақтың бай тілі мен философиясын бойына мейлінше сіңіріп өскен жастар көп. Мен қазір бірін атасам, бірін ұмытып қалуым мүмкін. Сосын замандас қыз-жігіттер маған ренжиді. Бір ғана айтарым – Төлеген Айбергеновті, Қаныбек Сарыбаевты, Мұхтар Шахановты, Мархабат Байғұтты, Ханбибі Есенқараеваны, Бақытжан Алдиярды сыйлаған қасиетті оңтүстіктен қазір азуын айға білеген біраз қыз-жігіттер жаңа толқын болып әдебиетке қосылып жатыр.

– «Мағжанның Европалығын сүйем» дегендей, бүгінде төл әдебиетпен қатар әлем әдебиетінің озық үлгісінен нәр алып, қазақ әдебиетінде өзіндік стиль қалыптастырған қаламгерлер бар ма? Төл әдебиеттің шетелге жарнамалануы қалай?

– Бұл – өзің айтқан екі мыңыншы жылдардың басында келген буынға тән дүние. Оны неге қозғап отырғаныңды да сезіп отырмын. Маған өте жиі айтылатын «сын» да – менің осы еуропашылдығым-мыс, батысшылдығым-мыс, қазақы бояудан ада поэзия-мыс деген әңгіме. Енді талғамға бірдей талап жоқ қой. Бұл ештеңе таппаған соң, жаңалық ашу ойыны деп есептейтіндер де бар шығар. Ол да заңды. Алайда заман өзгерген сайын, ұлттың да, тілдің де өзгеру процесі қоса жүреді. Себебі дүниетаным мен ойлау стилі де өзгереді. Мәселен, неге осы үрдісті қабылдағысы келмейтін ағайын кезінде қазақ пайдаланған

Өз
сөзім

“

Негізі, мен өлең жазып, ақын болам деп ойламаған адам едім. Өмірде бізге беймәлім қызық дүниелер болып жатады ғой. Соның бірі – менің әдебиетке келуім. Көп қыз-жігіттер «өленді пәлен жастан бастап жазатын едім, сол бір балаң шақта өзімді ақын ретінде сезіндім» деген секілді әңгімелерді айтып жатады ■

«Аға буын да кезінде жас болған екен» деген аңыз бар. Соған қарағанда, ағаларымыз жастардың көңіл-күйін жақсы сезінеді. Үміт күтеді. Жаңалықтарымызға қуанады, шалыс басқан қадамдарымызды айтып отырады ■

”

“

Қамқорлық деп нені айтамыз? Кітап шығарып беру, баспана беру, әлде сыйлық беру ме? Әр адамның қамқоршысы – бір ғана Алла. Қалғаны өзіне байланысты ■

“ АҚБЕРЕН ҚИЯЛШЫЛ ДЕСЕ,
МЕН ОҒАН ҚУАНАМЫН ”

шағатай тілінде немесе Абайдың стилінде шығарма жазбайды? Жазбайды екен, ол да – қазақтың дәстүрлі поэзиясынан ауытқу ғой. Неге бәрі жазба ақын боп кетті, неге жыраулық поэзияны әрі қарай жалғастырмайды? Ұят қайда десек, қалай болады екен? Алпысыншы-жетпісінші жылдарда әдебиетке келген адуынды толқын жаңалық болды ғой? Олар ескі сарында жаза беретін болса, қандай жаңалық әкелер еді. Бәрі де қара өлең жазды дерсің. Қазір де – сол қара өлең. Тек мазмұн басқа. Адамзаттың ішкі әлемі әр онжылдық сайын күрделеніп келеді. Күрделену деген – түсініксіз боп бара жатыр деген сөз емес. Ақпараттың көптігінен, жаңа білімнің толығынан адамның санасы трансформацияға ұшырайды. Басқаша айтқанда, тағы бір эволюциялық сатыға көтеріледі. Бүгінгі «күңгірт», «түсініксіз» деп сынап жүрген поэзияңыз ертеңгі талғам мен талап тұрғысынан қарағанда жай тақпақ болып қалуы мүмкін. Бір ғасырдан соң келетін поэзия нені жырлайды деп елестетіп көрелікші? Киіз үй мен малды, ауылдың қора-қопсысын ба? Әлде жанның ішкі иірімдерін, жаратылыс құпияларын, Төңірді тану жолын ба? Меніңше, соңғысы. Сол қызық поэзияның басы қазір басталып жатыр. Ал біз кеңестік замандағы ұрандағыш «позитивті» поэзияға үйреніп қалғандықтан, жаңа поэзияны жатырқаймыз. Бар мәселе сонда. Қазақтың тілінде жазылған екі сөйлем болса да, ол – қазақтың қазынасына құйылып жатқан дүние. Сапалысы қалады, сапасыз шимайлар күресінге лақтырылады. Оған бас қатырып, дауласудың қажеті жоқ. Бәрібір әр заманның өз үні болады.

– **Соңғы кезде қазақ поэзиясында екі ұғым қатарласып келеді: батыспен үндескен қазақы стильдегі жырлар, тағы бір қызығы, қоңыр өлең деп аталатын қарапайым жырлар. Сіз қай топтансыз? Өзіңіз жайлы айтылған пікірлермен келісесіз бе? Ақберен қиялшыл дегендей...**

– Өз басым прагматик ақын болыпты дегенді естіген емеспін. Өлеңнің қозғаушы күші – алдымен мұң, сосын қиял. Қиялшыл болмаса,

оның несі ақын? Ақберен қиялшыл десе, мен оған қуанамын. Демек, менің қиялымдағы әлем біреуге қызық болуы мүмкін, біреуге түсініксіз болуы ықтимал. Бірақ ол – маған ғана тән ойлау жүйесі, менің ғана әлемім. Қонақ болғыңыз келсе, қош келдіңіз, ұнамаса, бұлтпен ақырын жауып қойып, әрі қарай саяхаттай беріңіз. Ол әлемге ешкімді зорлап кіргізе алмайсыз ғой. Оқитын адам оқиды. Оқымайтын ақын туралы телесериал түсірсең де, пайдасы жоқ. Ал мен қандай ақынмын деген сұраққа жауап бере алмаймын. Оған біреулер секілді оқырман жауап берсін деп те міндет артып тастағым келмейді. Мен ойыма келетін ойды жазатын, тіпті, сол ойдан құтылғысы келетін бір қияли адаммын. Ол – поэзиядағы менің болмысым. Қалған уақытта мен жай ғана пендемін.

– **Үнемі қабағы түйіліп жүретін Ақбереннің ой сандығында ашылмай жүрген қандай идеялар бар? Өзіңіз өмір сүрген ортаға салар ойыңыз бар ма? Тың жаңалық дегендей...**

– Баяғыда бір көрі қыз: «Суретім оттай береді, жаным жап-жас», – деген екен. Сол секілді, суретімде қабағым үнемі түйіліп түсіп қалады, ал өмірде мен өте жайдары, әзілқой адаммын. Менімен алғаш кезіккен адамдардың интернеттегі суретімнен менің «қатал» образымды сомдап келетіні бар. Сосын біраз өңгімелескен соң, «өзің бір қызық адам екенсің» деп жататыны бар. Өмірде менің қабағым бостан-босқа түйіле бермейді. Идея дейсің бе? Идея көп қой, айта берсек, газеттеріңіздің мына саны тек менің қиялымның жемісін жариялауға арналып кетуі мүмкін...

– **Соңғы кездері кімдерді оқып жүрсіз?**

– Кейінгі кезде көп дүние оқыдым. Көбісі – ғылыми-танымдық кітаптар. Әсіресе кейінгі кездегі физика ғылымында болып жатқан өте-мөте қызық ғылыми жаңалықтарды бас алмай оқитын болдым. Әр жаңалықта Жаратқанның шеберлігін көріп, таңданып отырам. Мен де сол Алланың жаратылысымын ғой, демек, біз және барлық ғалам мен заңдылықтың шығу тегіміз бір. Бұл – өте қызықты және шексіз білім. Сосын жаңа

әдеби шығармалар шығып жатса, қалт жібермеуге тырысамын. Шетел және орыс әдебиетіндегі үдерістерді бақылап отырам.

– Көркем әдебиетпен қатар БАҚ саласында да еңбектеніп келесіз. Ғаламтор арқылы бірқатар сәтті жобаларды («Кентавр.кз», «Ақберен») іске асырып жатсыз. Қазақстандық интернет кеңістігінде «Ұлт.кз» қоғамдық-саяси интернет басылымы бар. Ұлт жайлы ұтымды ой айтар басылым жайлы ой бөліссеңіз...

– Қазақтың өзінің ойын, мұң-мұқтажын ашық айтып отыру үшін билік пен оппозициядан тәуелсіз, өзіндік позициясы бар бір дербес алаң болса деп ойлап жүруші едім. Алла осы ойдың жүзеге асуына жәрдемдесіп, www.ult.kz порталын ашуға мүмкіндік туды. Мұны менің кішкентай да болсын өз ұлтыма деген қызметім деп есептеймін. Шынымды айтсам, рейтингіміз жылдам өсіп, жұрттың барлығы кіріп, қызыға оқитын сайт жасай алам деп ойлағам жоқ. Бүгін, Аллаға төубе, оқырмандарымыздың аудиториясы күннен-күнге кеңейіп келеді. Сайт үшін бұл – өте жақсы көрсеткіш. Бұл дегеніміз қазақ белсенді, сергек, өз болашағына немқұрайды қарамайтын ұлт екенін дәлелдеп келеді. Мен соған аса қуаныштымын.

Ұлт мәселесіне қатысты мақала жазатындар да бізге жариялануға құштар. Жобаның сәтті шығуының бір себебі – біздің порталда қоғамның барлық саласы қамтылған. Сондықтан біздің порталдан әр саланың адамдары өзіне қажетті ақпаратты таба алады. Екіншіден, біз бұл порталға қазақтың мүддесіне қатысты материалдарды ғана жариялаймыз. Қазақты бір-бірімен қырқыстыру, бір-бірін қаралайтын мақаланы жариялау арқылы өзіне рейтинг жинау бізге қажет емес. Ұлт порталындағы барлық мақала тек ұлттық сүзгіден өтіп жарыққа шығады. Яғни қазаққа пайдалы дүние болса – порталда жариялануы тиіс деген сөз. Ұлттың мәселесіне қатысты материалдарды күн құрғатпай, дер кезінде оқырманға жеткізіп отыру – біздің міндетіміз. Статистикаға назар аударсақ, бүгін Қазақстанда интернет құралдардың

78 пайыздан астамы орыс тіліндегі сайттар болса, 11 пайызы ағылшын тілінде екен. Ал қазақтың елінде қазақ тіліндегі сайттардың саны 9 пайыз ғана. Орыстілді сайттардың болғаны түсінікті, ал 11 пайызы ағылшын тілінде деген не? Оны кім оқып жатыр? Түсініксіз. Яғни орыстілді басылымдардың ықпалынан құтыла алмай отырғанымызда, енді қазақтың интернет кеңістігінде ағылшын тіліндегі сайттар еркін дами бастай ма? Оған мен қарсы емеспін. Ағылшын тілі арқылы әлемдегі көптеген ақпаратқа қол жеткізуге болады делік. Бірақ ол үшін сол тілді еркін меңгеруіміз керек қой. Өзірге ол жаппай белең алатын жағдайдың ауылы алыс секілді. Сонда неге қазақ тілінде ақпарат тұтынғысы келген оқырманның құқығы бұзылуы тиіс? Қазіргі ақпараттық заманда қазақ оқырманы амалсыздан орыс тіліндегі ақпаратты тұтынуға мәжбүр. Ал сөздің сиқыры бар. Қай тілде ақпаратты тұтынсаң, сол тілде ойлай бастайсың.

Бүгін жастардың барлығы дерлік ғаламторда отырады. Сол себепті қазақ үшін оның болашақ прогрессивті санасын қалыптастыруға бағытталған жұмысты интернетте белсенді түрде жүргізу керек. Әбден жаттанды боп кеткен әр түрлі шаралар қазір аз нәтиже береді. Үшіншіден, интернет арқылы қазақтың мүддесіне қайшы, ұлтқа зиян әкелетін үрдістерді саралап, оқырманға объективті ақпаратты беріп отыру қажет. Себебі интернет бүгін ең қолжетімді, ең ықпалды байланыс құралы болып отыр. Ұлтқа, оның болашағына қатысты кез келген шаруаны талқыға салып, қазаққа қас неше түрлі қитұрқы амалдардың орындалмауына интернеттің мүмкіндігін пайдалануға тиіспіз. Айтылғандардың барлығы бізге ұлттық мүддеге жұмыс жасайтын интернет құралдарын көптеп құру керектігін көрсетіп отыр. Қазақ тіліндегі сайттар көбеюі керек, ол сөзсіз. Себебі өміріміздің айнымас бөлшегіне айналып кеткен интернеттің мүмкіндігі зор.

– **Ішкі әлеміңізді бүкпесіз ақтарғаныңыз үшін үлкен рахмет! ■**

Нұршат ТӨКЕН

Өз басым прагматик ақын болыпты дегенді естіген емеспін. Өлеңнің қозғаушы күші – алдымен мұң, сосын қиял. Қиялшыл болмаса, оның несі ақын? Ақберен қиялшыл десе, мен оған қуанамын ■

Кейінгі кезде көп дүние оқыдым. Көбісі – ғылыми-танымдық кітаптар. Әсіресе кейінгі кездегі физика ғылымында болып жатқан өте-мөте қызық ғылыми жаңалықтарды бас алмай оқитын болдым. Әр жаңалықта Жаратқанның шеберлігін көріп, таңданып отырам ■

Баяғыда бір көрі қыз: «Суретім оттай береді, жаным жап-жас», – деген екен. Сол секілді, суретімде қабағым үнемі түйіліп түсіп қалады, ал өмірде мен өте жайдары, әзілқой адаммын ■

Ұлтқа, оның болашағына қатысты кез келген шаруаны талқыға салып, қазаққа қас неше түрлі қитұрқы амалдардың орындалмауына интернеттің мүмкіндігін пайдалануға тиіспіз ■

ТАҢДАУЛЫ КІТАПТАР

«Маған досыңның кім екенін айт, мен сенің кім екеніңді айтамын» дейді халық. Ал досы кітаптар болса ше? Адамның кім екенін, қандай адам екенін кітап сөресіне, не оқитынына қарап та аңғаруға болады. Егер ел тануға, жер білуге құштар болсаңыз, әлем әдебиетіне ауыз саласыз. Ал қай елді тану үшін қандай кітап оқу керегі жөнінде мына туындыларды ұсынамыз.



Жапония. Харуки Мураками, «Бұрандалы құс». Тору Окада – отыз жастағы қарапайым адам. Оның сүйікті жары, мысығы, жақсы жерде орналасқан шағын үйі бар. Бақытты десе де болады. Бірақ бір күні кенеттен мысығы жоғалып кетеді, әлдеқандай әйел қоңырау шалады, өз әйелі кетіп қалады. Ескі сәуегейлік орындалады. Өмірі жауабы жоқ сұрақтарға толады.



Сербия. Милорад Павич, «Бөгде дене». Венециядағы Ару Анна және оның сүйгені тылсым жұмбақтың жауабын шешуге талпынады. Ол жұмбақ жүзік тасының түсі өзгеруі және бокал түбінде жазылған белгісіз нақыл сөз жөнінде. Арада отыз жыл өткенде Сербия жазушысы мен әйелі Лиза бұл құпиямен тағы кезігеді.



Қытай. Мо Янь, «Өліп-тірілуден шаршадым». 1950 жылы жер реформасы кезінде бірнеше жан жазықсыз жазаның құрбаны болады. Соның арасында қолы іске жаралған, жүрегі мейірімнен нәр алған, күші тау қопарардай тасыған жан да бар. Бірақ төкаппар жан бұл өмірге қайта келіп, өз шындығымен түрлі кейіпте күреседі.



Чехия. Карел Чапек, «Саламандрамен шайқас». Саламандралар отаны адамдар әлеміне ұқсас. Бұл әлеммен соқтығысу бүкіл адамзат өміріне қауіп төндіреді. Бұл кітап Карел Чапектің жазғандары арасындағы ең үздігі саналады.



Бразилия. Жоржи Амаду, «Құм карьерінің генералдары». Үй-күйі жоқ балалар тесік шатырлы жүк қоймасын мекен етеді. Олар өздерін «құм карьерінің генералдары» деп атайды. Өмір күресінде балалар қолға қару алса да, бала болып қала береді. Шығарма мазмұны осы жөнінде.



Эстония. Яан Кросс, «Императорлық есалаң». Ақ шашты әрі кетік Тимо түрмеден келеді. Ол билік және билеуші жөнінде тек шындық жазылған меморандум шығарып, императорға жібергені үшін бір жылға сотталған еді. Енді ешқандай шындық қажет етпейтін әлемде өмірінің жаңа парақтарын ашуы керек.



Египет. Нагиб Махфуз, «Дәуірлеу салтанаты». Бір жағдайды, бір шындықты төрт кейіпкер түрліше сипаттайды. Тұрғынның сырт көзден тасаланған өмірі арызыдыққа, қаталдыққа, шынайы әрі құштар сезімге толы ■

МИЛЛИОНЕРГЕ ТӘН ҚАСИЕТ

1 Көптеген миллионер университет қабырғасында көп отырмауды ұсынады. «Өздерін өзі жасаған» миллионерлер ЖОО-ның 2 курсынан артық оқымаған. Сізден миллионерлер клубында «дипломыңыз бар ма?» деп сұрамайды. Алайда бұл – білімсіз болу деген сөз емес. Бар болғаны, білімнің қажеттісін қажетті уақытта ала білу керек.

2 Ақылды миллионерлер бір ғана әйелді таңдап, бар өмірін сонымен бірге өткізгісі келеді. Себебі жеңіл жүрістер адамды моральдық деңгейде қажытып жібереді.

3 Қытайда миллионерлердің өзіне жар іздеуге уақыты жоқ. Тіпті, дәл осындай жандар үшін теңіз саяхаты ойластырылған. Саяхатқа аттанатын кеме бортында кем дегенде 20 миллион АҚШ доллары бар 50 бизнесмен және бай әрі бақытты өмірді аңсаған қалыңдықтар ғана болады.

4 Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, миллионерлердің 35% -ы аптасына шамамен 45-55 сағат қажырлы еңбектенеді. Ал қарапайым адам 40 сағат жұмыс істейді.

5 Себебін ешкім түсіндіре алмаса да, шотландиялықтар ақшаны босқа шашпайтын миллионерлерге жатады. Ал ақшаны ысырап қылатындары – ресейліктер.

6 Ресейлік миллионерлер америкалық миллионерлердің 6%-ын ғана құрайды. Десе де, ресейліктер америкалықтарға қарағанда алты есе жиі миллионер атанады.

7 Миллионерлер шығынды есептеуге көп уақыт жұмсайтындарын айтады.

8 Америкадағы ең басты қағида: егер біреудің ақшасы көп екенін байқасаңыз, қызғанышқа берілмеңіз, жанжалдаспаңыз. Одан да бай адамдарға бір нәрсе сатып, өзіңіз дәл солай миллионер болуға тырысыңыз.

9 Нағыз миллионерлер балаларының ырқына көнбейді. Олар тек білімнің алдында бас иеді.

10 Миллионерлер еш уақытта үлкен үй сатып алмайды. Біріншіден, салық көп, екіншіден, жиналуы да қиын. Мұнымен қатар 25 000 АҚШ долларынан артық ақшаға көлік алмауды жөн көреді ■

ЕКІ МЫҢ ЖЫЛ САҚТАЛҒАН САРЫ МАЙ

Ирландия аумағында 2000 жыл бұрын дәмді сары май дайындалған. Археологтер торф батпағында сақталған 10 келі майды қазып алды.



Жәдігер Ирландия ұлттық мұражайында сақтаулы тұр. Мұражай қызметкерлері құнды өнімнің батпақ Құдайына құрбандық ретінде дайындалғанына сенімді. Жергілікті тұрғындар тағамдарын әскери көшпенділердің шабуылынан сақтау үшін батпаққа жасыратын болған.

Табылған май қоржынға немесе жануарлар терісіне салынбаған. Осыған қарағанда,

майды қайта алып шығу әуелден жоспарланбаған.

Екі мың жыл бұрын жасалған майдан сүт иісі аңқиды. Оның дәмі белгісіз. Дәмін татып көруге ниетті жандар өзiрге табылмады.

Екі жыл бұрын Ұлыбританияда 4000 жыл бұрын дайындалған май кесегі табылған. Оны татып көрген аспаз Кевин Торнтон өте дәмді екенін айтқан ■

АРҚАНЫҢ ТАҢДАУЛЫ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АКАДЕМИЯСЫ

Мекенжайы:
Қарағанды қаласы,
Пичугин көшесі, 259-үй
Байланыс телефоны:
8(7212)47-50-69

Арқа Ақшамы
аймақтық қоғамдық-саяси газет
Айына 4 рет шығады
Меншік иесі:
«Кент» Баспа үйі» ЖШС
Директор:
Умуджан БЕКИМОВА
Директор орынбасары:
Айткүл ОМАРОВА

Бас редактор:
Жанат ЖАНҚАШҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Ерболат ЕРБОЛҰЛЫ
Тілшілер қосынының жетекшісі:
Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ
Компьютер орталығының жетекшісі:
Алена МЕДВЕДЕВА
Кезекші редактор: Назира БАЙНАЗАР

Редакция мекенжайы:
Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы,
44/2; 312-кеңсе
Байланыс телефоны:
8 (701) 177-66-01, 8 (775) 784-92-34
Электронды пошта:
akshamy@mail.ru
Таралымы:
4000 дана

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, тіркеу туралы №13477-Г куәлігі 29.03.2013 жылы берілген.
Газет «Арқа ақшамының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Газетте жарияланған автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «Қарағанды Полиграфиясы» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қаласы, Ә.Ермеков к., 33-үй